

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№19
(889)

Бейсенбі, 14 мамыр 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Күрмет

ЖОҒАРЫ АТАҚҚА ИЕ БОЛДЫ

Өткен аптада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің өркендеуіне өзіндік үлестерін қосқан бір топ азаматтарға мемлекеттік наградаларды тапсырды. Аталмыш наградаға біздің жерлесіміз, Қаратап ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы, тыл ардагері Айтмағанбет Дауылбаев та лайық деп танылып, сол жиында «Күрмет» орденімен марапатталды.

Марапаттау рәсімінде сөз сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев марапатқа ұсынылғандардың бәрі де ерен еңбегімен, қалтқысыз қызметімен ерекшеленген жандар екендігін атап өтті. Ардагерлердің майдан даласы мен бейбіт өмірдегі ерен ерліктері келешек ұрпаққа әрдайым үлгі болмақ. Тәуелсіз Қазақстаннымыздың өркендеп, гүлденуіне зор еңбек сіңірген ардагерлеріміздің еңбектері еш уақытта ұмыт болмақ емес.

Марапатқа ие болған ардагерлер де өз тарапынан Мемлекет басшысына көрсетіп отырған құрметі мен қамқорлығы, егемен елімізде татулық пен



тыныштықты қамтамсыз етіп отырғаны үшін ризашылықтарын білдірді.

Өз хабарымыз.
Суретте: «Күрмет» орденінің иегері, ардагер-ұстаз А.Дауылбаев.

Тағзым

ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай сонау сұрапыл соғыста фашизмнен көптеген халықтарды құтқару үшін өз жандарын майдан даласында қиған боздақтарға және Жеңіспен оралған жауынгерлерге мәңгілік қошемет көрсету кейінгі ұрпақтардың парызы. Қанша уақыт өтсе де, жеңімпаз жауынгерлердің, тыл еңбеккерлерінің, шайқаста қаза тапқандардың ерлігінің даңқын асыра береміз.



Осы орайда 8 мамыр күні Қарасай батыр ауылында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткіш тақта жаңғыртылып, оның салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.

Ескерткіш тақтада Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың және соғыстан жеңіспен оралып, бейбіт өмірде бұл дүниеден озған аталарымыздың есімдері жазылған. Аталмыш тақтаның ашылуына сол ауылдың тумасы, Уәлихан ауданының әкімі Аман Жақсыбайұлы Төрегелдин зор үлесін қосты.

Салтанатты рәсімге аудан әкімі Ағзам Тастеміров пен Уәлихан ауданының әкімі Аман Төрегелдиндер қатынасып, жиналған қауымды Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтап, ескерткіш тақтаның шымылдығын ашты. Сонан соң боздақтардың ескеркішіне екі ауданның басшылары гүл себеттерін қойды.

Ескерткіш тақтаның салтанатты ашылуынан соң, Мәдениет орта мектебінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орайластырылып және ауылдың тарихынан сыр шертетін мектеп мұражайы ашылды. Мұражай жәдігерлерімен танысқан Ағзам Ахметжанұлы мен Аман Жақсыбайұлы аталмыш шараның жас ұрпақ үшін маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, Аман Төрегелдин мектеп оқушыларына арнайы спорттық киімдер мен спорт жабдықтарын сатып алу үшін мектеп басшысына ақшалай сыйлық табыстады.

Осы күні түстен кейін Каменный Брод ауылында Ұлы Отан соғысының ардагері, Югославия халқын жаудан қорғаған қаһарман барлаушы, жерлесіміз Халел Тайтанұлы Сәлімжановтың есімі ауылдағы өзі тұрған көшеге берілді.

Салтанатты жиынға қатысқан аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы сонау сұрапыл соғыста жаумен шайқасқан жауынгерлеріміздің ерліктерінің мәңгі есте сақталатынын айта келе, сол қанды шайқаста Югославия елін азат етуде асқан ерлік көрсеткен барлаушы батыр, жерлесіміз Халел Сәлімжановтың рухына тағзым етіп, ауылдағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткішке қаһарман батырдың ұрпақтарымен бірге гүл шоқтарын қойды.

Сонан соң Халел Тайтанұлы өмірінің соңына дейін тұрған үйінің қабырғасынан естелік тақта ашылды.

Салтанатты шаралардан кейін екі ауылда да жеңімпаз жауынгерлердің рухтарына арналып ас берілді.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретті түсірген автор.

Ол күндердің өшпес даңқы

МАЙДАНГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Халқымыз асылын ардақтап, қариясын құрметтеген. Өмірден көргені, көңілге түйгені мол, тыңдай білгенге ақыл-ойы алтын көмбе ардагерлерді әспеттеп, оларға құрмет көрсету-баршамиздың парызымыз. Отан үшін от кешіп, жалынды жастық шағын соғыс ертіңде өткізген соғыс ардагерлерінің қатары күн санап азайып барады.

Жеңіс мерекесі қарсаңында аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы ауданымызда тұратын Ұлы Отан соғысының ардагерлері Владимир Зуевтың, Константин Кубрактың, Александр Грековтың, Николай Ивановскийдің, Николай Литкиннің және Ескендір Кәрімовтердің үйлеріне арнайы барып, Жеңіс солдаттарын Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесімен құттықтап, арнайы азық-түлік сыйлықтарын табыстады.

Сондай-ақ, ауданның кәсіпкерлер палатасының бастауымен қолға



алынған «Ерлікке тағзым» атты акция аясында аудан кәсіпкерлерімен арда-

герлерге сыйлықтар да табысталды.
Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Мереке мезеті

ЕРЛІККЕ БАС ИЕМІЗ

Осыдан 70 жыл бұрын адамзат баласына ауыр зардаптарын әкелген 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы балалар батырлығының арқасында жеңіспен аяқталды. От пен оқтың ортасында жүріп, жаумен айқасқан жауынгерлер ерлігі бізге бейбіт күнді сыйлады. Сондықтан бүгінгі ұрпақ қайсар қазақ қыз-жігіттерінің

Дауылбайұлымен бірге қойды.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған салтанатты митингке соғыс ардагерлері, тыл еңбеккерлері, Ауған соғысының ардагерлері, әскери бөлімнің жауынгерлері, құқық қорғау органдары мен әскерилендірілген құрылымдардың қызметкерлері, қоғамдық және еңбек ұжымдарының өкілдері, аудан



батырлығы алдында бас иіп, ерліктерін еш ұмытпақ емес.

Сол 1941-1945 жылдар аралығындағы 1418 күнге созылған сұрапыл соғысқа біздің айыртаулықтар да аттанып, біраз жерлестеріміз Отанымызды азат ету жолында қазаға ұшырап, майдан даласынан оралмады. 11 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

9 мамыр – Жеңіс күні айыртаулықтар Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған Даңқ монументінің жанына жиналды.

Аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров аудан әкімі аппараты жанында Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қабылдауында болып, жоғарғы атақ «Күрмет» орденімен марапатталған Қаратап ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы, тыл еңбеккері, ардагер-ұстаз Айтмағанбет Дауылбаевты қошеметпен қарсы алып, сонан соң ауданның тыл еңбеккерлерімен, аудан мекемелері мен ұйымдарының өкілдерімен бірге Тәуелсіздік Стелласынан Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлерге арналған Даңқ монументіне жас ұрпақ өкілдерінің қошеметтеуімен бет алды.

Соғыс жылдарында қаза тапқан жауынгерлерге арналған Даңқ монументіне алғаш болып гүл шоғын аудан әкімі Ағзам Тастеміров «Күрмет» орденінің иегері, тыл еңбеккері Айтмағанбет



тұрғындары қатысты.

Аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы соғыс ардагерлерің тыл еңбеккерлерің осы митингке жиналған жұртшылықты Жеңіс мерекесімен құттықтауында: «Жеңімпаз халқымыздың жанкештілігі мен қаһармандығы еліміздің және бүкіл адамзаттың тарихында өшпес көзек болып мәңгілік қалады.

Бүгінгі біздің қасиетті парызымыз – аға ұрпақтың мұң-мұқтажын ұмытпау, Жеңісіміздің тарихы жастарды, кейінгі ұрпақты отаншылдық, достық пен келісім сезіміне тәрбиелеуде басты өнеге болып қала беруі үшін қолдан келгенін бәрін жасау» - дей келе, қан майданнан оралмаған боздақтарды еске алу мақсатында бір минут үнсіздік жариялады. Сонан соң сөз соңында

барша ардагерлерді, айыртаулықтарды Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен құттықтап, баршасының отбасына амандық, мықты денсаулық, ұзақ та бақытты ғұмыр, туған-туысқандары мен жақындарына бақыт тіледі.

Одан әрі сөз кезегін алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров, тыл ардагері, «Күрмет» орденінің иегері Айтмағанбет Дауылбаевтар шын көңілден шыққан тілектерін білдірді.

Жеңіс күніне арналған салтанат одан әрі Айыртау гарнизоны әскери қызметкерлерінің, ауданның құқық қорғау қызметшілерінің, әскериленген ерт сөндіру бөлімінің, мектеп, колледж, кәсіби лицей оқушыларының, мемлекеттік мекемелердің қатысуымен мерекелік шеруге ұласты. Ауданның білім мекемелерінің қызметкерлерімен, оқушылармен, еңбек ұжымдары мен мемлекеттік мекемелердің өкілдерінің ұйымдастыруымен қойылған соғыс кезіндегі көріністер де ешкімді де бейжай қалдырмады. Ол да көпшілік үшін әсерлі болды. Өйткені салтанатты шеру биылғы Жеңістің 70 жылдығына орай ұйымдастырылған аудан жұртшылығының «Мәңгілік полк» жобасымен жалғасты.

Салтанатты шараның соңы жылдағы дәстүр бойынша және түрлі спорттық жарыстарға, ауданның



көркемөнерпаздарының күшімен дайындалған мерекелік концертке ұласты. Сондай-ақ, аудандық газеттерде жарияланған «Жеңіс үшін ағамызға мың алғыс!» атты мектеп оқушылары арасында өткен байқаудың жеңімпаздары Алғыс хаттармен, арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Аудан әртістерінің мерекелік концертін тамашалаған ардагерлер «Ақтоқты» дәмханасында ұйымдастырылған аудан әкімінің мерекелік дастарханында бас қосты.

Осы күні кешкілік орталық алаңда аудан оқушыларымен факелдік естелік кеші ұйымдастырылып, Жеңіс күніне арналып отшашу шашылды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Мереке мезеті

ЕР – ЕЛ ҚОРҒАНЫ

7 мамыр - еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенің, әскери күштері әлеуетінің арта түскендігін айғақтайтын әрі ұлттық-патриоттық рухымызды көтеретін мемлекеттік мереке. Қайсар мінезді ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғасын тапқан күн. Осындай айтулы Отан қорғаушылар күні ауданымызда да ерекше бір салтанатпен аталып өтті.



Мерекелік шара аудан орталығындағы саябақта Ауған соғысының ардагерлеріне ескерткіш ашылумен басталып, аудан әкімдігі ғимаратының алдында ұйымдастырылған мерекелік салтанатты жиынмен жалғасты.

Салтанатты шара аудан мектептерінің алғашқы әскери дайындық пөнінің мұғалімдері мен оқушыларынан құралған әскери-теңіз флоты, аэроұтқыр әскері, шекара әскері және ішкі әскер құрылымдарының сапқа тұруымен бастау алды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалысымен салтанатты мерекелік жиында сөз алған аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы: «Бұл күн Отан алдындағы өзінің әскери патриоттық борышын маңызды әрі киелі деп есептейтің, еліміздің ұлттық мүддесі, қазақстандықтардың ырыс-берекесі мен қауіпсіздігі жайлы қам ойлайтын тұлғалардың мейрамы. Қазақстанның қорғаныс саясаты бүгінде барынша ашық та мөлдір және біздің стратегиялық әріптестеріміз бен одақтастарымызға ғана емес, сонымен бірге әлемдік қоғамдастық үшін де түсінікті болып табылады. Қазақстанның ашық қарсыласы мен теріс көзқарастағы көршілері жоқ. Бұл мемлекет басшысы анықтап, бағыттап отыратын бейбітсүйгіш бағдарымыздың жемісі. Ер адам үшін Отанын қорғау қызметінен парасатты іс жоқ. Отан қорғаушыларымыз еліміз алдындағы азаматтық борышын атқара отырып, өздерінің еңбектерімен қазақстандық әскердің даңқты дәстүрлерін жалғастыруда. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында қызмет ету әрқашан құрметті болып қала береді, өйткені еліміздің Қарулы Күштерінің беделі жоғары.

Нағыз Отан қорғаушыларды ерлік, жоғары кәсіпкерлік, жаңқиярлық сияқты қасиеттер сипаттайды», - дей келе айыртаулық әскери қызметкерлерді айтулы мекемемен құттықтады.

Аудан әкімінің құттықтауынан кейін 5510 әскеи бөлімінің штаб бастығы Берік Қожахметов Айыртау ауданының әкімі Ағзам Тастеміровке, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Айдос Ідірісовке, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары Марат Серкешевке, полиция майоры Бақытжан Жантілеуовке, ЕС-164/8 мекемесінің бастығы Анатолий Кочкинге, қаржы полициясының бастығы Жеңіс Мусинге, 3-атқыштар ротасының асхана меңгерушісі Любовь Цигельникке Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясының Басқолбасшысы, генерал-лейтенант Жақсылықовтың бұйрығымен екі мәрте Кеңес Одағының батыры, авиация генерал-майоры Талғат Бигелдиновтың медалін табыс етті.

Лауазымдық міндеттерін адал орындағандары үшін және Отан қорғаушы күнін мерекелеуге орай аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен бір топ қызметкерлер марапатталды.

Мерекелік шара соңында аудандық «Айыртау таңы» және «Айыртауские зори» газеттерінің жүлдесіне арналған эстафетаның жеңімпаздары да арнайы аудан басшысының дипломдарымен марапатталып, сыйлықтарға ие болды.

ЖАНАТ СӘБИТОВ,
Суретті түсірген автор.

Тағзым

Мұражай ашылды

Өткен аптада Шүкірлік негізгі мектебінде ауыл тарихына арналған мұражай ашылды. Аталмыш шараға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров, білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Сәуле Тұралинова, ауыл тұрғындары мен оқушылары қатысты. Мұражайдың ашылу мақсаты - өскелең ұрпаққа туған ауылының тарихымен таныстыру, ата-бабаларының өткен өмірлерін зерттеу.



Мұражайдың ашылу таспасын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров, білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Сәуле Тұралинова салтанатты түрде қиды. Шүкірлік мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Ұлан Зәкіриянов жиналғандарға ауыл тарихы жайлы айта келіп, мұражайға қойылған жәдігерлермен таныстырып өтті.

Өз кезегінде сөз алған мектеп директоры Мәулет Әбікеев қажетті деректерді жинап, мұражайдың ашылуына үлес қосқан, демеушілік көрсеткен ұстаздар ұжымы мен оқушыларға, елден тысқары жерлерде тұратын ауыл азаматтарына алғысын айтты. Жиында сөз сөйлеген ауыл ақсақалы Батан Мусин, ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров, мұражайдың ашылу салтанатына Астана қаласынан арнайы келген Қайырбек Ерғалиев, Көкшетау қаласының тұрғыны Совет Самаев, Лобанов ауылының тұрғыны Тұяқ Есәжановтар жүрежжарды лебіздерін білдіріп, келешек ұрпақ үшін мұражайдың атқарар рөлінің зор екендігін атап өтті.

Ауыл тұрғындары мен мектеп ұжымы аталмыш мұражайдың ашылуына демеушілік көрсеткен Қайырбек Ерғалиевке, Совет Самаевқа, Тұяқ Есәжановқа, Берік Жанахметовке, Темірболат Ғалымұлына, Ержан Бүркітбайұлына ризашылықтарын білдірді.

ЖАНАТ КӨШЕЙ,
Суретті түсірген автор.

Тағзым

ЕСКЕРТКІШТЕР ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын а у д а н ы м ы з д ы ң тұрғындары зор қуанышпен қарсы алып, соғыста шәйіт болған майдангерлердің құрметіне құран бағыштап, ас берді.

Жеңіс күнінің жетпісінші мерейлі көктемін сырымбеттіктер «Алтын Адам» алаңына жиналудан қа-стады. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестерінің ескерткіш тақтасына гүл шоқтарын қойған салтанатты рәсімнен кейін Сырымбет ауылдық округінің әкімі Дулат Сүлейменов жиналғандарды мерейлі мерекелерімен құттықтап, тыл және еңбек ардагерлеріне сыйлықтар та-быс етті.



Жиын соңында сөз сөйлеген ардагер-лер де өздеріне көрсетіліп отырған сый құрметтеріне алғыстарын білдіріп, осы шараны өткізуге демеушілік көрсеткен «Сырымбет-1» ЖШС (Р.Р. Юстус), «АиК Агро» ЖШС (А.Е. Абакумов), «Арай-1» (Т.Н. Құрманғожин), «Лето» ШҚ (М.М. Романов), «АСКА» ШҚ (А.Е. Нашарбеков) және ескерткіш маңайын тазартып, абаттандырған мектеп оқушыларына зор ризашылықтарын жеткізді.

Осы күні Шолақөзек ауылын-да дүниеге келіп, әр тарапқа та-рап кеткен ағайындар да бас қосып, майдангерлердің құрметіне

арналған ескерткіштің басына тағзым етті. Сұрапыл соғыстың қанды ұрыстарына қатыспаса да, сол кездердің қиындығын бір кісідей көтерген, балалық шағы соғыс өртіне

новке, Мира Нүрпейісоваға, Асыл-хан Әбділмановқа ризашылықтарын білдірді.

Жеңіс күніне арналған мерекелік жи-



шарпылған ұрпақтардың атынан сөз сөйлеген Әбден Сабанұлы, Дәуренбек Көркенұлы, Бақыт Әбділмановалар көздері жасқа тола отырып, жерлестерін еске алды.

Сарыбұлақ ауылында мерекелік шараға жиналған көпшілік қауым да соғыста қаза тапқандардың құрметіне ас беріп, майданда шәйіт болғандарды еске алды. Ескерткіш тақтаның ал-дында сөз сөйлеген тыл ардагерлері мен ауыл азаматтары аталмыш шараны ұйымдастырып, ескерткіш тақтаны жаңғыртуда демеушілік көрсеткен ауылдастары Жұмабек Зәкірияновқа, Құрман Жанахидде-



ындар Сарыөзек, Светлый, Сулыкөл ау-ылдарында өтіп, ауыл ақсақалдарының ұйымдастыруымен ас беріліп, аруақтарға құран бағышталды.

Өз хабарымыз.

Көктемгі егіс – 2015

КӨКТЕМНІҢ КҮНІ ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Жер төсін емген диқан қауымының қарбалас шағы – көктем. «Көктемнің бір күні-жылға азық» екенін терең түсінген аграршылар уақытты ұтымды пайдаланып, көктемгі егіс жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізу мақсатында қазіргі соңғы даярлық жұмыстары қауырт атқарылып жатыр.

Өткен сейсенбі күні аудан әкімі Ағзам Тастеміровтың төрағалық етуімен «Жарқын СК» ЖШС-нің базасында ауданымыздың аграршыла-ры бас қосып, үстіміздегі жылғы көктемгі егіс жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізу және ауданымыздың агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі міндеттер жайлы келелі кеңес өткізілді. Аталмыш шараға облыс компанияларының, ғылыми-зерттеу орталықтарының, сұрыптау станцияларының өкілдері ауылдық округ әкімдері, ауылшаруашылық құрылымдарының басшылары мен мамандары, орман шаруашылығының мамандары, мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары қатысты.

Семинарға жиналғандарды шаруашылықтың көктемгі дала жұмыстарына жұмылдырылатын техникалардың жағдайымен шаруашылықтың бас агрономы Александр Пономарев таныстырып өтті. Семинардың тәжірибелік бөлімінде аудан басшысымен егістік алқаптың ылғалдылығы да тыс қалмады.

Сонан соң семинарға жиналған қауым серіктестіктегі егістік алқапты дәрілеуге арналған сұйықтықты әзірлейтін қондырғының жұмысымен танысқан соң, қырман басындағы тұқымды дәрілеу сәтін де тамашалады. Биылғы алдағы егіс жұмысын ұйымшылдықпен өткізу жайында орта мектептің акт залында өткен келелі кеңесте талқыланды. Аудандық семинар-кеңесті аудан әкімі Ағзам Тастеміров ашып, жүргізіп отырды.

Семинарға Бараев атындағы Шортанды өндірістік-ғылыми орталығының зертхана меңгерушісі Айбек Төлегенов, облыстық сұрыптау-тәжірибе станциясының зертхана меңгерушісі Ольга Гаас және ауыо шаруашылығы техника-ларын жасаушы кәсіпорындардың өкілдері және ауданның ауылдық округтердің әкімдері, ауыл шаруашылығы құрылымдарының, орман шаруашылықтарының құқық қорғау органдарының, төтенше жағдайлар бөлімінің бас-шылары қатысты.

Семинарда баяндама жасаған аудан әкімінің орынба-сары Аманбек Махметов биылғы көктемгі егіс науқанын ұйымшылдықпен өткізу жайындағы шараларға толығымен тоқталып өтті.

Аманбек Ғазизұлының баяндауынша ауданымызда



биылғы егіс науқаны 393,8 мың гектар алқапқа жүргізу жоспарланып отыр, оның ішінде 303,7 мың гектарға дәнді дақылдар (236,3 мың гектарға – бидай, 62,2 мың гектар арпа және майлы дақылдар себілмекші.

Аудан бойынша 44,3 мың тонна тұқым қамбаға құйылған. Барлық тұқым кондиционды деп танылған.

Ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдарына көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге барлығы 5761 тонна дизель отыны, 950 тонна бензин, 285 мың тонна дизель майы қажет. Қазіргі кезде ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен (89 шаруашылық) арзандатылған 4931 тонна дизель отынына келісім-шарттар жасалған. Толық жанар-жағармаймен қамтамасыз ету үшін барлық жұмыстар жүргізілуде.

Техниканың жағдайына келер болсақ, биылғы көктемгі егіс науқанына 1164 бірлік трактор, 1176 тұқымсепкіштер, 118 егу кешендері, 480-ге жуық жүк көліктері және басқа да көліктер жұмылдырылмақ.

Семинарда Шортанды өндірістік-ғылыми орталығының зертхана меңгерушісі Айбек Төлегенов, облыстық сұрыптау-тәжірибе станциясының зертхана меңгерушісі Ольга Гаас, «Корпорация Рамут» ЖШС-нің вице-президенти Татьяна Ким, Айыртау ауданының Құрметті азаматы Армия Әбілқайыров, өз салалары бойынша көктемгі егіс науқанының ұйымшылдықпен өткізуі жөніндегі тиімді әрі пайдалы кеңестерін ортаға салды

Мәжілісті қорытындылаған аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы биылғы көктемгі егіс жұмыстарын уақытында ұйымшылдықпен атқарып, ауыл шаруашылығы саласындағы серіктестіктер мен шаруа қожалықтары басшыларына бірнеше міндеттер жүктеді.

Осы міндеттерді іске асыруда ауданының барлық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, барлық ауыл шаруашылығы қызметкерлері аянбай абыройлы еңбек ететініне сенімдіміз.

ЖАНАТ ҚАЖЫБАЙҰЛЫ,
Суретті түсірген автор.

Оқушылар шығармашылығы



Қабиденова Динара Қошанқызы- Мәдениет орта мектебінде 25 жылдан бері бастауыш сыныпқа дәріс беріп келеді. Оқушылары қазір 3-сыныпта оқиды. Оқушыларын біліммен қатар шығармашылық, зерттеушілік жұмыстарға баулуда ұстаздың еңбегі зор. Биылғы Ұлы Жеңіске 70 жыл толуына орай оқушыларының өз ата-бабалары туралы жазған еңбектерін ұсынып отыр.

БАБАЛАР ӘПЕРГЕН БАҚЫТТЫ БАҒАЛАЙЫҚ !

«Жеңіс» деген бес әріптен құрылған сөздің мағынасын апам маған тереңнен түсіндірді. Жеңіс- бұл баға жетпес қазына, себебі бұл елімізді жаудан қорғаған, жастық шағын, өмірін қиған бабаларымыздың жауды жеңіп, қолымызға жеңіс туын ұстатып кеткен күн еді. 70 жыл өтсе де оның зардабын тартқан аталарымыз, апаларымыз бұл елге қуаныш, бақыт әкелді деп бағалайды. Әрине, біздей жас ұрпақ ұмытып қалмасын деп ел ортасына ескерткіш орнатып, соғысқа қатысқан, елге оралмаған бабаларымыздың аты, тегі тақтаға тізіліп жазылған. Сол тақтада менің атамның әкесі, яғни ұлы атамның да аты жазылған. Аты жөні-Саттыбаев Сыздық. Атамның әкесі соғысқа 1941 жылы аттанып, 1942 жылы Ленинград облысы, Крестцы деген қаланың маңайында қаза тапты.. Соғыстың қызып тұрған ошағы осы Ленинград маңайы болатын. Ол кісі колхозда жақсы еңбек еткені үшін Мәскеуге дейін барған.«Жеңіс күні» ұрпақпен бірге жылдан-жылға жалғаса бермек. Тарихта мәңгілік қалмақ. Жеңіс күні жасай берсін! Бейбітшілігіміз баянды болсын. Мен де оқуымды жақсы оқып, 11- сыныпты үздік аяқтап, өліме қызмет еткім келеді. Елімізді көркейтуге қатысып, өз орнымды еңбектен тапсам деймін.

МЕРУЕРТ АМАНЖОЛОВА.

Аталарымызға бас иеміз!

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда қаншама ер жүрек батырлар, қаншама қыздар елі үшін, жері үшін соғысқа қатысып, жанын қиған. Өмір мен өлім алысып-арпалысқан сын сағатта қасық қаны қалғанша елің, жерін қорғаған ата-бабаларымыздың бірі, өзімің ұлы атам- Жанатай Оқапұлы. Атамыз 1914 жылы Қосағаш ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласып, өз алғырлығымен трактордың тілін біліп жер жыртуып, егін егеді. 1940 жылы ұлы әжем Ғайша Сәдуақызымен бас қосып, отау құрып, бір жылдан кейін 1941 жылы соғысқа аттанып кетеді. Соғыста Жапон шекарасында болып, минометші болған. Соғыстың бар қиыншылығын көріп, 1947 жылы аман –есен ауылға оралған. Елге келіп, бейбіт өмірде еңбек майданына араласады. Ұлы атам әжем екеуі 5 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеген. Жанатай атам 1979 жылы ақпанның 6-сы күні дүние салды. Ұлы атамыздың арқасында осындай Жеңіске жетіп, біз байтақ Қазақстан деген елде тұрып жатырмыз. Осы жеңіс үшін аталарымызға бас иеміз !

МҰРАТБЕК САЙЫН.

Ұлы атам туралы бір үзік сыр

Біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат нәрсе жоқ. Әрбір көктем бізді ойша сонау ұмытылмас, әрі көптен күткен 1945 жылдың 9 мамырына қайта оралтады. Тарихта аты қалған Ұлы отан соғысына біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай жаумен шайқасты. Соның ішінде менің кішкентай ауылым- Қарасай батырдан (ол кезде Қосағаш деп аталған) да адамдар соғысқа аттанды. Соның бірі менің ұлы атам- Көшімбаев Ақтан Көшімбайұлы. 1904 жылы туған. 1921-22 жылдары Орынбор қаласына оқуға барып түсті. 1922- 23 жылдары ауылда мұғалім болып қызмет істеген. 1941 жылы қараша айында жаудан елімізді, жерімізді қорғауға соғысқа аттанады. Калинин майданында соғыста болып, 1943 жылы жараланып, елге қайта оралады. Соғыстан кейінгі жылдары ревизор, дүкенші, басқарма болып еңбек етеді. Саумалкөл ауылындағы май заводында да көп жылдар бойы жұмыс істейді. Онда ауылдан сүт жинап, тартып, май жасап, отбасына, елге қол ұшын берген екен. Әрине, соғыстан кейін де ауылдың жайы да өлі нашар болатын. Міне, осынау елімізге көп қасірет әкелген алапаттың жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Елге Жеңіс оңай келген жоқ,- деді атам менің Амангелді маған айтқан әңгімесінде.

ШЫНАР АМАНГЕЛДИЕВА.

АТАМ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК

«Соғыс» деген зұлматты көрмегеннің өзінде оны айтудың өзі қаншалықты ауыр. Оны бүгінгі заманның орта буын өкілдері біз жақсы түсінеміз. Себебі әкелеріміздің, аталарымыздың өткен өмірі жайлы айтқан сырлары, жырлары, әңгімелері жүрегімізге жатталып қалған. Бізден кейінгі ұрпаққа соғыс жайлы әңгімелер ертегідей болып көрінуі мүмкін, бірақ Ұлы Отан соғысындағы қанды шайқастарда жан аямай соғысқан жауынгерлердің ішінде менің бауырым, нағашым, қайын атам басқа да ет жақын адамдарым болды. Олардың барлығы да қазіргі күні марқұм болғанымен жақын адамдарымның соғыстағы жүректілігі, ерлігі, соғыстан кейінгі бейбіт өмірдегі үлгілі істері біздің жадымызда ердайым жаңғырып тұрады. Олар туралы естелік жазу, ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі ету біздің парызымыз. Ұлы Отан соғысының 70 жылдығы мерекесіне орай соғыс ардагері Пірманов Сәду есімді қайын атамды еске алу мақсатында жазған толғауымды жариялауды жөн көрдім.

70 жыл жауды жеңіп тойтараалы
Өшіккен жаудың бетін
қайтараалы.
Елден кеткен талай қазақ
қыршын өліп,
Ана жесір, бала жетім боп қалғалы.
Тарих бізден алыстап кеткенімен
Ұмытылмас естелік-сырлар қалды.
Қайын атам азаның еді дінге берік
Пірманның жалғыз ұлы оған серік.
Аптатқан он тоғызда қан майданаа,
Үкім күшті, болмаған бойда ерік.
Сол сәтте шаңырақта қыз әпкесі,
Әкесін жер қойнына берді көніп.
Атамның туған елі Тамдыбұлақ,
Аптатқан осы жерден
500 боздақ.
Бір үйдің асылдары, жалғыздары,
Кетіпті қан майданаа
елден жырақ.
Қайда, кіммен соғысуға
бара жатыр?,
Бәрінің ойларында бірдей сұрақ.

Аллаға сыйынумен атой салып,
Жүріпті Украинада қару алып.

Күндіз түні зулаған жау оғынан
Қалыпты атам кенет жараланып,
Өлім менен өмірдің ортасында,
Госпитальда жатыпты
ем-дом алып.
42 –ші жыл соғысқа кеткен атам,
От көшкен жан аямай қорғап Отан.
Болса да бастан алаан жарақаты
Көніпті, бұйрық біреу,
тәртіп қатаң.
Жеңістен соң тааы да
қызмет қылып,
Елге оралған соңында Прагадан.
Қайтпайтын қайсар атам,
қайран атам,
Дарыған өзін берген бізге батаң.
Артында өскен-өнген ұрпақ қалды,
Атамекен тәуелсіз елге оралған.
Еңбек етіп, тер төгіп абыроймен,
Келе жатыр сара жолмен
өзің салған.
Естелік жаздым ата сізді
еске алып,
Көңілден жыр тербеген келін балаң.
ҒАЛИЯ СЕЙДАЛИЕВА,
келіні.

Өзіңнен баста

КІРІСТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы партиялық Бағдарламасына сәйкес «Өзіңнен баста» республикалық акциясының өткізілуіне байланысты ауданымыздың мемлекеттік қызметшілерінің кірістері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын болады. Аталмыш акцияға үн қоса отырып өзімің жеке кірістерімді жариялаймын. Менің 2014 жылғы еңбекақым 1722 мың теңгені, 01.01.2015 жылға зейнетақылық қорым 1650 мың теңгені құрады, жеке меншігімде үйім, пәтерім, автомашинам жоқ.

Болат АХМЕТЖАНОВ,
«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

Тағзым

Жауынгердің хаты

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кез еді. Қаркенов Еслям ағатайым бір аяғынан айырылып, қос балдақпен елге оралды. Әжемнің айтуынша, ағатайым соғыстың алдында Кокшетауда газет редакциясында істеген көрінеді. Өлең жазатын, алғыр болыпты. Бірде ауылдың атқа мінер азаматтары ертең серуендеп қымызнайға барамыз, даяр отыр деп уәделесіп, ағатайым тосып тұрғанда ол кісілер бұрылмай пар ат-

Қалима бауырым қарағым,
Бойда сауыт жарағым.
Ата-анаға сәлем де,
Майданаа кетіп барамын.
Болат қару қолымда,
Түсерміз жаудың соңына.
Бұдан да аман қайтармыз,
Бастаса жалғыз оңына.
Қызмет жайын байқарсың,
Көңілің гүлдей жайқалсын.

Әке-шешеме, бауырыңа,
Ақылыңды айтарсың.
Қабай, Тоқыш ағалар,
Туған бауыр және бар.
Мені арнап сәлем де,
Әлпе, өй-апам анаға.
Соныменен біздің үй,
Ауылға көшіп барды ма?
Есімсейіт кетіп сапарға,
Әлде базда қалды ма?

Көңілдегі алаңым,
Біле алмай соның хабарын.
Осы хатты алысымен,
Хабарын жаз аазаның.
Біз ел жаққа барғанша,
Қол ұстасып сәлем бергенше.
Қош болыңдар бауырлар,
Есен аман көргенше.
Бақыт ӘБДІЛМАНОВА,
ақын.

Ой түрткі

ТАЗАЛЫҚ - БЕРЕКЕЛІ ТІРЛІКТІҢ КӨРІНІСІ

Жер мен елді жасандырып көктем келді. Көктеммен бірге шаңытқан топырақты жел келді. Жел жарықтық ойнақшыған сайын ауыл үсті шаңмен бірге полиэтилен қапшықтар мен түрлі-түсті пакеттерді жоғары көтеріп,

қаулысымен ақпанның 10-ы мен шілденің 10-ы аралығында тазалық пен көркейтудің ұшайлығы жүріп жатыр. Жылдар бойғы жиналған олқылық пен олақтықтың, салақтықтың жолына тосқауыл қойылып, оны ретке келтірер айлық деуге де болады. Бірақ, жасалған

жұмыстары көзбояушылық үшін округ орталықтарындағы көпшілік жүретін негізгі көшелерге ғана жүргізілген. Ал қалған шеткі көшелер мен ауыл сырттары округ әкімі мен шаруашылық басшыларының назарынан тыс қалған. Мысалы Имантау ауылында болғанымызда ауыл шетіне кез келген тұрғын арнайы қоқыс төгетін жерге қоқыстарын төкпей, ауыл сыртына шаша берген. Сонымен қатар ауыл ішіндегі көшелерде де жоба жоқ. Осындай олқылықтарға жол беріп қойып отырған ауыл әкімі Любовь Сердюк пен учаскелік полиция қызметкерлері қайда қарап отыр? Осындай тәртіпсіздікті жою үшін арнайы аудандық мәслихаттың шешімімен жауапкершілікке тарту үшін шешім де қабылданған еді ғой. Сол шешімнің негізінде ауыл әкімдері мен учаскелік инспекторлар неге шара қолданбайды? Қар сөгіліп, жер кебе бастаған шақтан бастап аудан басшысы ұдайы абаттандыру мен көгалдандыру мәселелеріне жіті мән беруде. Әрбір ауыл әкімдеріне тазалықпен тікелей шұғылдануын қатаң тапсырып жатса, ал ауыл әкімдері сол тапсырмаларды жүзеге асыруға қауқарсыз ба? Қызметтеріне тағайындалған кезде елімізді көркейту жолында аянбай қызмет ететіндеріне ант берген емес пе еді. Енді сол берген уәделері қайда?



Арықбалық ауылы

бейнебір ауа толы шарлар секілді әуелетіп жүр.

Негізі, жылдың осы мезгілімен бірге бар тіршіліктің қыз-қыз қайнайтыны белгілі. Көктемнің әр күні қауырт тірлікке толы болмақ. Осындай шақтарда ауыл тұрғындары есіктерінің алдын тазалап, қыстайғы қоқыстарын сыртқа шығарып, үйлерінің сыртын әрлеп, ретке келтіруді қолға алады. Көше бетке көшеттер мен ағаштар отырғызып, күн жылуынан рахат күтеді. Әрине, тап отырғызу да, мал өсіру де қажетті іс. Десек те, көктем келісімен малдан шыққан тезек пен еспей қалған ағаш бұтақтары тұрғындар тарапынан көшеге шығарылып, тазалық жайы бар басты мәселеге айналды. Енді осы тазалық пен тәртіпке тоқтала кетсек. Кез-келген әлеуеті артқан ел алдымен тазалыққа барынша мән береді. Мән бергені соң, оны басты ұстаным етіп алға қойған.

Тазалық - берекелі тірліктің көрінісі. «Таза жерге береке орнайды, бақыт



Имантау ауылы

Осындай шашылған көріністерді Лобаново Арықбалық ауылдарында да көруге болады (суреттерде). Лобаново ауылындағы шеткі көшелердің кез келген жерлерінде шашылып жатқан қоқыстар. Ауыл әкімі Еркебұлан Жайықов осыларды көрмей ме, әлде байқағысы келмей ме? Осындай көріністер Арықбалық ауылында да орын алған. Ауыл әкімі Қалымтай Шарапов орталық көше бойындағы қараусыз қалған саябақтарды байқамай ма, ағаш араларында қираған бұтақтар, шашылған бос бөтелкелер мен салафан пакеттер ауылдың сәнін кетіруде. Сонымен қатар бұрынғы аудан орталығы болған Арықбалық ауылындағы қираған ғимараттардың маңайларындағы қоқыстар және ауылдық Мәдениет үйінің маңындағы құл қоқыстары шығарылмаған. Аталмыш ауылдарда әрбір үйдің, иесіз қалған ғимараттар мен үйлердің маңайлары шашылған қоқыстарға толы. Сондықтан әр тұрғын өздерін қолға алып, мәдениетті тұрға ұмтылып, көшеге қоқыстарын тастамауға көңіл бөлсе, сонда тазалық пен тәртіп орнары анық. Жүректе иманы, көңілде ұяты бар, әрбір тұрғын тазалық сақтауды өз ісім деп білгені дұрыс болар еді. Сонымен бірге тазалық айлығын нақандық жұмыс деп қарайтын барша жұртшылықтың қоршаған ортаға деген жанашырлығын ояту, өздері мекен еткен тұрғылықты жерінің қадірін ұғынып, тазалығын сақтауға ынта қойғанын біз де қалаймыз.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.



Лобаново ауылы

қонақтайды» деген екен Мөңке би. Сондықтан да халық алдымен тазалық пен тәртіптің елге керек, өзіне керек екенін біледі де. Тазалық бар жерде, тәртіп бар. Ал тәртіп бар жерде халық үшін жасалған дүниенің бәрінің бет-бейнесі бұзылмаған қаппында көруге болады. Бұл кез-келген елдің мәдениетінің деңгейін, затқа деген құрметін көрсетумен қатар, жасаушының еңбегін бағалау болып табылады. Қазір ауданымызда аудан әкімінің

жұмыстың жүйесіздігінен бе, жоқ болмаса, тұрғындардың жүгенсіздігінен бе, көркейту ісі өлі де кемшін түсіп жатыр. Осы мақсатта мамыр айының алғашқы күндерінде аудан басшысының тікелей тапсырмасымен ауылдық жерлердегі абаттандыру жұмыстарының жағдайымен танысу үшін Имантау, Лобаново және Арықбалық ауылдық округтерінде болып, ауыл көшелерінің жағдайымен танысып қайтқан болатыным. Негізінен абаттандыру мен көгалдандыру

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ әкімшілік азаматтық лауазымының бос орнына ашық байқау жариялайды

№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының директоры (1 бірлік).

Әкімшілік азаматтық лауазымының санаты, лауазымдық жалақысымен қызмет істеген жылдарына байланысты 75433 - 90254 теңге.

Лауазымдық міндеттер. Жарғыға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес білім беру ұйымының жұмысына басшылық жасайды. Ұстаздар және әдістеме кеңестерімен бірлесіп білім берудің мемлекеттік жалпыміндетті стандарттарын жүзеге асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарың, жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын бекітеді. Жалпы білім беру заңына сәйкес бекітілген учаске бойынша балаларды жалпы міндетті оқытуды қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие үдерісінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Заманауи ақпараттық технологияның дамуын қамтамасыз етеді. Мұғалімдердің (ұстаздардың) ұйымдарының, әдістемелік бірлестіктердің, балалар ұйымдарының жұмысына жәрдемдеседі. Білім беру жұмысын жүргізудің құқығына лицензиясына сәйкес оқушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Ата-аналардың қорғауынсыз қалған жетім балалардың қатарынан тәрбиеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін (жеке, мүлктік, тұрғын үй, еңбек және басқалары) қорғайды, туыстық қарым-қатынастарын ұстау үшін жағдайлар жасау бойынша шараларды қабылдайды. Тәрбиеленушілер мен оқушылардың белгіленген нормалардан төмен емес күтіп ұстауы мен тұруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді. Оқу-білім беру үдерісі уақытында оқушылар (тәрбиеленушілер) мен білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмірінің және денсаулықтарының қауіпсіздігіне қажетті жағдайлар жасайды. Денсаулықтарын қорғау және нығайту мақсатында оқушылардың тамақтануы мен медициналық қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету бойынша жұмысты және бақылауды ұйымдастырады. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлгі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшыларға қаржылық және материалдық қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды жайлы есеп береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес оқу-материалдық базасының есебін, сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, санитарлық-гигиеналық түзімнің еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуына жауап береді.

Ұстаз кадрлары мен көмекші қызметкерлердің іріктеуін және орнына қоюын жүзеге асырады, басқару құрылымын, штаттық кестені және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, олардың кәсіби шеберліктерінің артуы үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңеске басшылық етеді. Белгіленген тәртіпте қызметкерлердің аттестациялануын өткізеді. Жұмыста ерекше көзге түскен мұғалімдер мен білім беру ұйымының басқа да қызметкерлерін марапаттаулар мен наградаларға ұсынады, өз құзырының шегінде жазалаулар тағайындайды.

Қоғаммен байланысты жүзеге асырады, ата-аналармен (опарды ауыстырушы тұлғалармен) жұмысты үйлестіреді. Білім беру ұйымын мемлекеттік және басқа да ұйымдарда ұсынады, қажетті есеп берулердің дайындалуын және ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасында Тілдер туралы», «Қазақстан Республикасында баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «Неке және жанұя туралы», «Мүгедектігі, асыраушысынан айырылу және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және

